## 1. Тұжырымдама атауы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына

ТҰЖЫРЫМДАМА

---

## 2. Заң жобасының атауы

- Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (бұдан әрі – заң жобасы).

---

## 3. Заң жобасын әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі

Жаңғырту жөніндегі Ұлттық комиссия отырысында мақұлданған *(2016 жылғы 15 наурыздағы № 20-5/И-6 хаттама)* 100 нақты қадам - Ұлт жоспарының қадамдарын практикалық іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарымен 33 қадамын іске асыру бөлігінде «Пробация туралы» Заңды әзірлеу көзделген.

Алғаш рет «пробация» ұғымы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 15 ақпандағы заңымен (бұдан әрі - Заң) ұлттық заңнамаға енгізілген болатын.

Осы Заңмен Қазақстанда пенитенциарлық жүйенің қылмыстық-атқару инспекциялары құрылымына шартты-үкімдік пробация енгізілген, бұл шартты сотталғандардың мінез-құлқын бақылаумен қатар оларға әлеуметтік-құқықтық көмек алуға жәрдем көрсетеді.

Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық және Қылмыстық-атқару кодекстерімен шартты-үкімдік пробацияның функциялары кеңейтілді және енді пробациялық бақылау тек шартты сотталғандарға емес, сондай-ақ бостандықтарын шектеуге сотталғандарға қатысты да жүзеге асырылады. Сонымен бірге, постпенитенциарлық пробация енгізілді, бұл шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға пробациялық бақылауды белгілеуді, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кезде әкімшілік қадағалау белгіленген адамдарға қатысты әлеуметтік-құқықтық көмек алуға жәрдем көрсетуді қарастырады.

Пробация іс-әрекетін одан әрі жетілдіру мақсатында қосымша халықаралық тәжірибе зерделенді.

Пробация институты көптеген шет елдерде бар. Алайда егер Англия мен АҚШ-та осы институт көптеген он жылдықтар бойы жұмыс істесе, Қазақстан үшін ол жаңалық болып табылады.

Шет елдерде пробация мынадай негізгі модельдері пайдаланылады:

1. Сотқа дейінгі пробация –айыпталушының жеке басы туралы арнайы қорытындыны және жазаның түрі мен мерзімдері, сынақ мерзімі және міндеттерді таңдау туралы

ұсынымдарды сотқа ұсынумен күдіктіні, айыпталушыны сотқа дейін сүйемелдеу;

2. Үкімдік пробация – бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды және бас бостандығынан айыруға балама қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау, сондай-ақ сот үкімімен пробациялық бақылау тағайындалған адамдарға қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру;
3. Пенитенциарлық пробация – бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан сотталғандарға босатылғаннан кейін әлеуметтік бейімделуде көмек көрсету;
4. Постпенитенциарлық пробация – бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден босатылған адамдарға пробациялық бақылауды жүзеге асыру.

Қазіргі уақытта Қазақстанда пробацияның екі моделі – үкімдік және постпенитенциарлық енгізілген.

Еліміздің қылмыстық заңнамасын құқық бұзушыларға қатысты қылмыстық-құқықтық ықпал етуді қолдану саласын кеңейту бөлігінде әлемдік практикаға жақындату үшін пробация мәселелерін регламенттейтін, сондай-ақ сотқа дейінгі және пенитенциарлық пробацияны көздейтін жеке заң әзірленуде.

Осыған байланысты, пробация мәселелері бойынша қызметтерді құру және мүдделі мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылына бағытталған Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындайды.

---

## 4. Заң жобасын қабылдаудың мақсаттары

Пробация қызметін ұйымдастыруды құруға бағытталған Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

---

## 5. Заң жобасын реттеу нысанасы

Қылмыстық жазаны тағайындау саласында құқықтық қатынастарды реттеу және оны орындау, қылмыстық жауаптылыққа тартылған, қылмыстық жазаларға сотталған пробациялық бақылауда жүрген немесе жазаны өтеуден босатылған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек алуына жәрдем көрсету.

---

## 6. Заң жобасының құрылымы

Заң жобасы екі бөліктен тұрады:

1. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы:

1. Қылмыстық кодексі;

2. Қылмыстық-процестік кодексі;
3. Қылмыстық-атқару кодексі;
4. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексі;
5. «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңы;
6. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңы;
7. «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Заңы;
8. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңы;

9) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы;

10) өзге де заңдар.

2. Заңды қолданысқа енгізу.

---

## 7. Заң жобасы қабылданған жағдайда болжанатын құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарлар

Заң жобасын қабылдау:

- қылмыстық шеңберге тартылған адамдарды әлеуметтік оңалту бойынша шаралар қабылдауға;

- қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін ұстауға шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді.

---

## 8. Басқа заңнамалық актілерді әзірленіп жатқан заң жобасына бір уақытта (кейіннен) сәйкес келтіру қажеттілігі

Талап етілмейді.

---

## 9. Заң жобасы нысанасының өзге де нормативтік құқықтық актілермен регламенттелуі

Регламенттелмейді.

---

## 10. Қаралып отырған мәселе бойынша шетелдік тәжірибенің болуы

Қазіргі заманғы пробация жалпы әлемнің құқықтық картасының барлық бөліктерінде таралған. XIX ғасырдың бірінші жартысында ағылшын қылмыстық құқығының ұлттық институты ретінде пайда болып, XX ғасырдың соңында ол АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Канада,

Аустралия, Жаңа Зеландия, Жапония, Бельгия, Нидерландта қолданылды. Сондай-ақ, ТМД елдерінде: Латвия, Молдова, Эстон және Грузияда қолданылады. Пробация Солтүстік Еуропа мемлекеттерінде: Швеция, Дания, Норвегияда ерекше танымал. Осындай танымалдықтың себебі пробация құқық бұзушының түзелуіне  және қылмыстардың алдын алуға, сондай-ақ мемлекеттің бюджеттік қаражатын үнемдеуге бағытталған қылмыстық-құқықтық ықпал етудің ізгі және тиімді шараларына жатады.

Пробация қызметінің көпжылдық тарихы бар шет елдердің тәжірибесін зерделеу осы қызметтің құрылымын құруда айтарлықтай айырмашылықтардың бар екендігін көрсетеді.

Пробация қызметінің бақылауында тұрған сотталғандар санаты да әртүрлі – бұл шартты сотталғандар, үкімді орындау мерзімі кейінге қалдырумен сотталғандар, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар, оның ішінде қарқынды бақылаумен (электронды мониторинг). Кейбір елдерде пробация қызметі қоғамдық және түзеу жұмыстары түріндегі жазаларды орындайды.

Қызмет құрылымын құрудағы айырмашылық  мемлекеттік басқару органдарының құрылымындағы өзгешеліктермен, құқықтық дәстүрлер және жаза түрлерімен түсіндіріледі.

---

## 11. Заң жобасын іске асырумен байланысты болжанатын қаржылық шығыстар

Қосымша қаржы қаражаттарын талап етпейді.

---

## 1. Тұжырымдама атауы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына

ТҰЖЫРЫМДАМА

---

## 2. Заң жобасының атауы

- Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (бұдан әрі – заң жобасы).

---

## 3. Заң жобасын әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі

Жаңғырту жөніндегі Ұлттық комиссия отырысында мақұлданған *(2016 жылғы 15 наурыздағы № 20-5/И-6 хаттама)* 100 нақты қадам - Ұлт жоспарының қадамдарын практикалық іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарымен 33 қадамын іске асыру бөлігінде «Пробация туралы» Заңды әзірлеу көзделген.

Алғаш рет «пробация» ұғымы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 15 ақпандағы заңымен (бұдан әрі - Заң) ұлттық заңнамаға енгізілген болатын.

Осы Заңмен Қазақстанда пенитенциарлық жүйенің қылмыстық-атқару инспекциялары құрылымына шартты-үкімдік пробация енгізілген, бұл шартты сотталғандардың мінез-құлқын бақылаумен қатар оларға әлеуметтік-құқықтық көмек алуға жәрдем көрсетеді.

Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық және Қылмыстық-атқару кодекстерімен шартты-үкімдік пробацияның функциялары кеңейтілді және енді пробациялық бақылау тек шартты сотталғандарға емес, сондай-ақ бостандықтарын шектеуге сотталғандарға қатысты да жүзеге асырылады. Сонымен бірге, постпенитенциарлық пробация енгізілді, бұл шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға пробациялық бақылауды белгілеуді, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кезде әкімшілік қадағалау белгіленген адамдарға қатысты әлеуметтік-құқықтық көмек алуға жәрдем көрсетуді қарастырады.

Пробация іс-әрекетін одан әрі жетілдіру мақсатында қосымша халықаралық тәжірибе зерделенді.

Пробация институты көптеген шет елдерде бар. Алайда егер Англия мен АҚШ-та осы институт көптеген он жылдықтар бойы жұмыс істесе, Қазақстан үшін ол жаңалық болып табылады.

Шет елдерде пробация мынадай негізгі модельдері пайдаланылады:

1. Сотқа дейінгі пробация –айыпталушының жеке басы туралы арнайы қорытындыны және жазаның түрі мен мерзімдері, сынақ мерзімі және міндеттерді таңдау туралы ұсынымдарды сотқа ұсынумен күдіктіні, айыпталушыны сотқа дейін сүйемелдеу;
2. Үкімдік пробация – бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды және бас бостандығынан айыруға балама қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау, сондай-ақ сот үкімімен пробациялық бақылау тағайындалған адамдарға қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру;
3. Пенитенциарлық пробация – бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан сотталғандарға босатылғаннан кейін әлеуметтік бейімделуде көмек көрсету;
4. Постпенитенциарлық пробация – бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден босатылған адамдарға пробациялық бақылауды жүзеге асыру.

Қазіргі уақытта Қазақстанда пробацияның екі моделі – үкімдік және постпенитенциарлық енгізілген.

Еліміздің қылмыстық заңнамасын құқық бұзушыларға қатысты қылмыстық-құқықтық ықпал етуді қолдану саласын кеңейту бөлігінде әлемдік практикаға жақындату үшін пробация мәселелерін регламенттейтін, сондай-ақ сотқа дейінгі және пенитенциарлық пробацияны көздейтін жеке заң әзірленуде.

Осыған байланысты, пробация мәселелері бойынша қызметтерді құру және мүдделі мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылына бағытталған Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындайды.

## 4. Заң жобасын қабылдаудың мақсаттары

Пробация қызметін ұйымдастыруды құруға бағытталған Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

---

## 5. Заң жобасын реттеу нысанасы

Қылмыстық жазаны тағайындау саласында құқықтық қатынастарды реттеу және оны орындау, қылмыстық жауаптылыққа тартылған, қылмыстық жазаларға сотталған пробациялық бақылауда жүрген немесе жазаны өтеуден босатылған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек алуына жәрдем көрсету.

---

## 6. Заң жобасының құрылымы

Заң жобасы екі бөліктен тұрады:

1. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы:

1. Қылмыстық кодексі;
2. Қылмыстық-процестік кодексі;
3. Қылмыстық-атқару кодексі;
4. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексі;
5. «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңы;
6. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңы;
7. «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Заңы;
8. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңы;

9) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы;

10) өзге де заңдар.

2. Заңды қолданысқа енгізу.

---

## 7. Заң жобасы қабылданған жағдайда болжанатын құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарлар

Заң жобасын қабылдау:

- қылмыстық шеңберге тартылған адамдарды әлеуметтік оңалту бойынша шаралар қабылдауға;

- қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерін ұстауға шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді.

## 8. Басқа заңнамалық актілерді әзірленіп жатқан заң жобасына бір уақытта (кейіннен) сәйкес келтіру қажеттілігі

Талап етілмейді.

## 9. Заң жобасы нысанасының өзге де нормативтік құқықтық актілермен регламенттелуі

Регламенттелмейді.

## 10. Қаралып отырған мәселе бойынша шетелдік тәжірибенің болуы

Қазіргі заманғы пробация жалпы әлемнің құқықтық картасының барлық бөліктерінде таралған. XIX ғасырдың бірінші жартысында ағылшын қылмыстық құқығының ұлттық институты ретінде пайда болып,  XX  ғасырдың соңында  ол АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Канада, Аустралия, Жаңа Зеландия, Жапония, Бельгия, Нидерландта қолданылды. Сондай-ақ, ТМД елдерінде: Латвия, Молдова, Эстон және Грузияда қолданылады. Пробация Солтүстік Еуропа мемлекеттерінде: Швеция, Дания, Норвегияда ерекше танымал. Осындай танымалдықтың себебі пробация құқық бұзушының түзелуіне  және қылмыстардың алдын алуға, сондай-ақ мемлекеттің бюджеттік қаражатын үнемдеуге бағытталған қылмыстық-құқықтық ықпал етудің ізгі және тиімді шараларына жатады.

Пробация қызметінің көпжылдық тарихы бар шет елдердің тәжірибесін зерделеу осы қызметтің құрылымын құруда айтарлықтай айырмашылықтардың бар екендігін көрсетеді.

Пробация қызметінің бақылауында тұрған сотталғандар санаты да әртүрлі – бұл шартты сотталғандар, үкімді орындау мерзімі кейінге қалдырумен сотталғандар, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар, оның ішінде қарқынды бақылаумен (электронды мониторинг). Кейбір елдерде пробация қызметі қоғамдық және түзеу жұмыстары түріндегі жазаларды орындайды.

Қызмет құрылымын құрудағы айырмашылық  мемлекеттік басқару органдарының құрылымындағы өзгешеліктермен, құқықтық дәстүрлер және жаза түрлерімен түсіндіріледі.

## 11. Заң жобасын іске асырумен байланысты болжанатын қаржылық шығыстар

Қосымша қаржы қаражаттарын талап етпейді.